

Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Атакент» Мақтаарал аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК-ң 2025 жылғы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы талдамалық анықтама

Атакент кенті

04.08.2025ж

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңының 8-бабы 5-тармағына және «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл агентігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 16.01.2023 жылғы №21 бұйрығы, Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Атакент» Мақтаарал аудандық ауруханасының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» 25.06.2025 жылғы №32-н/қ бұйрығы негізінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жұмыстары жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бағыттары

1. Персоналды басқару
2. Мүделер қақтығысы
3. Тәртіптік жауапкершілікке тарту
4. Мемлекеттік сатып алулар
5. Мекемеге келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың өтініш, арыз шағымдар;

Талдамалық анықтама

Персоналдық басқару кадрлардың ауысуына қатысы

Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Атакент» Мақтаарал аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК-да қызметкерлерді жұмысқа қабылдау, Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне бос орындарды көрсетіп **enbek.kz** сайтында жұмыссыз болып тіркелген мамандықтары бойынша мамандарды бөлімнің жолдамасымен жұмысқа қабылданады. 2024 жылдың маусым айынан бастап **Jumys Smart Nation** порталы іске қосылды. Бұл портал медициналық мекемеде бос орын туралы **enbek.kz** сайтына хабарландыру жариялайды, хабарландырудағы мекен жай бойынша үміткер өз құжаттарын **Jumys Smart Nation** порталына жүктейді. Портал автоматты түрде құжаттар жүктелген соң тестілеу күнін белгілейді. Жұмысқа қабылдау екі кезеңнен тұрады.

1 кезең тестілеу – үміткердің білім деңгейін анықтауға мүмкіндік береді, тестті өту мәресі 60% кем болмауы тиіс.

2 кезең тесттен өткен үміткер әңгімелесу кезеңінде, тәжірибелік дағдыларын көрсетуге мүмкіндік алады. Бұл процесс жоғарғы бәсекелестікке ие орта буын медициналық қызметкерлерінің жұмысқа орналасу барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелін реттейтін бірде бір құралы болып табылады.

2024 жылдың тамыз айынан бастап, 2025 жылдың шілде айына дейін жалпы жұмысқа қабылданған қызметкерлер саны - 42; оның ішінде – дәрігерлер – 5, орта буын медициналық қызметкерлер – 16, кіші буын медициналық қызметкер – 10, басқалары – 11
2024 жылдың тамыз айынан бастап, 2025 жылдың шілде айына дейін жалпы еңбек шартын тоқтатқан қызметкерлер саны – 65; оның ішінде дәрігерлер – 13, орта буын медициналық қызметкерлер – 25, кіші буын медициналық қызметкер – 14, басқалары – 13.

Мүделер қақтығысы бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтауға қатысты

«Атакент» Мақтаарал аудандық ауруханасында туыстық қатынасы бар қызметкерлердің саны 52 қызметкер, олардың ешқайсысы басшылық қызметте емес. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында жүргізілген ішкі талдау нәтижесінде ауруханада мүделер қақтығысы анықталған жоқ

Тәртіптік жауапкершілікке тарту

2024 жылдың тамыз айынан тәртіптік шара берілген қызметкерлер саны саны ескерту – 38 қызметкер, сөгіс – 30 қызметкер, қатаң сөгіс – 11 қызметкер .

2025 жылдың шілде айына дейін тәртіптік шара берілген қызметкерлер саны ескерту – 49 қызметкер, сөгіс – 47 қызметкер, қатаң сөгіс – 17 қызметкер .

Мемлекеттік сатып алу бойынша

Кәсіпорынның мемлекеттік сатып алуға жауапты мамандарына жүргізілетін сатып алуларды қолданыстағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңнама талаптарының аясында жүргізу, оның ішінде сатып алатын тауарлар, қызметтер мен жұмыстарды «ұсақтауды» болдырмау жүктелген. Сонымен қатар, сатып алатын тауарлар, қызметтер мен жұмыстардың техникалық ерекшеліктерін ашып жазу және мұндай сатып алу қажеттілік (негіздемені) растайтын құжаттарды мемлекеттік сатып алу веб-порталына мерзімінде орналастырған. 2024 жылдың алты айы бойынша 130 келісім шарт жасасқан 2025 алты айы бойынша 124 келісім шарт жасасқан.

Мекемеге келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың өтініш, арыз шағымдар

«Атакент» Мақтаарал аудандық ауруханасы жеке және заңды тұлғалардың өтініш, арыз шағымдар е otinish Азаматтардың барлық өтініштерін қабылдау және өңдеу бірыңғай платформасы арқылы уақтылы жауап берілуде 2024 жылдың алты айы бойынша 37 оның ішінде шағым – 2 өтініш – 17, ұсыныс – 1, басқалары – 17. 2025 алты айы бойынша 68 оның ішінде шағым – 2 өтініш – 45, ұсыныс – 4, басқалары – 17 .

Қортынды

Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Атакент» Мақтаарал аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы МКК

1 Мекеме бұйрықтарында Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің заңнама талаптары сақталмаған.

2 Мекеме қызметкерлері мекеме заңгері бұйрықтармен тек ішінара таныстырылған.

3 Мекеме қызметкерлерінің ақылы еңбек демалысы бұйрықтарында жұмысқа қабылданған немесе еңбек демалысында болған мерзім көрсетілмеген.

Жоғарыда анықталған тәуекелдерді жою мақсатында төмендегіден ұсынымдар берілді :

1 «Атакент» Мақтаарал аудандық ауруханасының қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін нормаларды анықтау, оны жою шараларын ұйымдастыру;

2 Қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілерін жасауға жол бермеу, алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу;

3. Құжаттарды, бұйрықтарды рәсімдеу кезінде заң талаптарын сақталуын қадағалау;

Күн тәртібіндегі мәселелер қаралып, алдағы уақытта сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілерін жасауға жол бермеу басты мақсатымыз екендігі түсіндірілді.

Жұмыс тобының мүшелері

Куракбаева С.Ж

Фазылбекова К.К.

Егембердиев А.Б.

Акылова З.А.

Есенбеков К.А.

